

"Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 10-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 қазандағы N 16-11 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қарашада N 5-16-86 тіркелді. Күші жойылсын - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі N 23-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылсын - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010.07.27 N 23-8 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.

«Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Тарбағатай аудандық мәслихатының «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі туралы 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 10-8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 5-16-66 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 24 қаңтардағы Тарбағатай газетінде жарияланған. 2009 жылғы 21 шілдедегі № 14-7 шешімімен енгізілген өзгерістерімен «Тарбағатай» газетінің 2009 жылғы 22 тамызда жарияланған) мынандай өзгерістер енгізілісін:

Жоғарыдағы аталған шешіммен бекітілген ережедегі 10 тармақтағы «Бұрынғы қарыздарының өтелуі коммуналдық қызмет көрсетушілерімен келісіледі және бақылауға алынады. Ескі қарыздың жойылуы коммуналдық қызмет көрсетушілермен келісіліп бақыланады» деген сөйлемдер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы шешім жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б. Молдаханов

Т а р б а ғ а т а й

а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

М. Мағжаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК